




8 -дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Этикалық релятивизм





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикалық релятивизм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Этикалық релятивизм

Релятивизм біздің этика туралы пайымдарымыз басқа бірденелерге қатысты немесе тәуелді дегенді білдіреді. Мәдени релятивизм этикалық пайымдар мәдени контекстіден туындайды деп сендіреді. Релятивизмнің индивидуалистік нұсқалары мораль туралы пайымдар жеке тұлғалық көзқарастардан бастап, жалғасады дейді. Пайымдаулар индивидтерге немесе мәдениеттерге қатысты деу арқылы біз олардың белгілі бір қызмет атқаратынын, не болмаса осы индивидтер немесе мәдениеттердің сенетін дүниелеріне тәуелді екенін айтамыз. Релятивизм бізге мәлім нәрселер туралы эпистемологиялық ой-пікірлерге негізделуі мүмкін. Сондай-ақ, релятивизм құндылықтар табиғаты туралы ой-пікірлерге арқа сүйеуі де мүмкін. Эпистемологиялық ұстаным құндылықтар туралы білім мәдени контекстіден, не болмаса дүниетанымнан туындайды немесе оларға тәуелді деп сендіреді. Метафизикалық ұстаным абсолютті, трансцендентті немесе универсал құндылықтардың жоқ екенін айтады. Метафизикалық релятивист үшін тек жеке адамдардың көзқарастары мен мәдени тұрғыда анықталған құндылықтар ғана бар – ал, абсолютті немесе объективті құндылықтар жоқ.

Релятивизм – өте күрделі метаэтикалық мәселе. Ол бізге мораль саласындағы дүниелерді қалай танитынымыз турасында ойлануды ұсынады. Сонымен қатар ол бізден моральдық құндылықтардың түбегейлі табиғаты немесе шынайылығын қарастыруды сұрайды. Философиялық пікірталастардың басым бөлігіне бастау болатын сенім – ең жақсы және ең жаман таңдау жасауға болатынын білдіреді, ал моральға келсек, бұл – біз моральдық тұрғыда дұрыс немесе бұрысты сезе білу мәселесі ғана емес; әрі мораль – тек біздің мәдениетімізге ғана тәуелді емес. Егер бұлай болмаса, этиканы зерттеудің аса бір қажеттілігі болмайтын сияқты. Этиканың зерттеу мақсаты – адамның дұрыс этикалық пайым жасай білу қабілетін жетілдіру. Егер этикалық релятивизм ақиқат болса, бұл мақсатқа жету мүмкін емес болар еді.

Себебі әрбір этикалық субъектінің бұл мәселеге қатысты өз көзқарасы болып, біз ортақ мәмілеге келе алмас едік.

Дескриптивті және нормативті этикалық релятивизм

Этикалық релятивизм дегеніміз – этикалық пайымдарға қатысты скептицизм іспеттес – ол этикалық сұрақтарға дұрыс және бұрыс жауаптар бар деген идеяға скептикалық, яғни күдікті көзқарас танытады. Универсал немесе объективті құндылықтардың бар екендігіне немесе осы объективті және универсал құндылықтардың не екенін білу қабілетімізге скептикалық тұрғыда қарауымыздың дәлелді бір себептері бар. Скептицизм себептерінің бірі – моральдық құндылықтарға қатысты түрлі мәдениеттердің көзқарастарындағы айырмашылықтарды растайтын эмпирикалық және тарихи факт. Дескриптивті немесе сипаттаушы факт ретінде релятивизм ақиқат болып көрінеді: әлемде жалпы этика туралы сан алуан түсініктер бар екендігі рас.

Дескриптивті релятивизмді растау үшін біз моральға қатысты мәдениеттердің кейбір айырмашылықтарын тізбектеп шықсақ болады. Кейбір қоғамдар жемқорлықты моральдық тұрғыда қолайлы санаса, басқалары оған айыппен қарайды. Сексуалды мінез-құлық пен практикаға келгендегі көзқарастар да сан алуан. Кейбір қоғамдар каннибализмді, адам егін жеуді пайдалы санап, ол тайпа ішіндегі бала тууға игі ықпал етеді немесе ер адамның қуатын арттырады дегенге сенеді. Солтүстік Канада мен Алясканың байырғы халықтары, инуиттердің кейбір топтары өздерімен көшіп-қонып жүруге шамасы келмей қалған қарт адамдарды тастап кету жөн десе, басқалары қарттарды өз балалары тұншықтырып, мертіктіруі тиіс деген жораны ұстанатын болған.



Рут Бенедикт (1887-1948жж.) – америкалық антрополог, америкалық антропологиядағы этнопсихологиялық бағыттың өкілі.

Антрополог Рут Бенедикт солтүстік-батыс үндістер тобында топтың әрбір қайтыс болған мүшесі үшін кінәсіз бір адамды өлтіру әділетті деп санайтын жағдайды құжатқа тіркеді. Бұл кек қайтару емес, өліммен күресудің бір амалы еді. Ауыр қайғының орнына топ екінші кісі өлтіруден соң бір жеңілдік сезінетін



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикалық релятивизм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

болған. Бұл нәрселер, бәлкім, сізге ерсі, тіпті, адам шошытарлық болып көрінгенмен, мұның бәрі осы әлем елдері мәдениеттерінің шынайы бір фактілері. Оған көз жұма қарау мүмкін емес. Осы тұрғыда релятивистік көзқарастың мән-мағынасын түсініп алу өте маңызды.

Дескриптивті релятивизмнің сан түрлі мысалдары бар. Кейбір елдерде әйелдерге қысқа белдемше киюге рұқсат етіледі, ал басқа елдерде әйелдер аяқтары мен шаштарын бүркеп, жасыруы керек деп саналады. Расында да, релятивизм даулы жағдайларды сипаттау үшін қолданылатын тілде көрініс табады. Әйелдердің жыныс мүшелерін кесу практикасын мысалға келтірейік. Бұл практиканы жөн санайтындар оны әйелдерді сүндеттеу деп атайды. Алайда бұл дәстүр оны айыптайтын басқа қоғамдарда заңсыз деп танылып, әйелдердің жыныс мүшелеріне зақым келтіретін операциялар деп аталады. Егер сіздерге бұл мәселе қызықты болып, оны толығырақ білгіңіз келсе, біз ұсынып отырған кітаптың 9 және 12 тарауларын оқып көріңіз. Сіз осындай айырмашылықтардың көптеген басқа мысалдарын еске түсіре алатын боларсыз.

Дескриптивті релятивизм «Біз Римде болсақ, римдіктердің жасайтынын жасауымыз тиіс» деген нормативті эмпирикалық ережеге жетелеуі мүмкін. Бұл ереже IV ғасырдың ең беделді христиандық әулиелері – Аугустин мен Амбросийдің арасындағы пікірталастан туды.

Аврелий Августин (354-430 жж.) – христиандық теолог және философ, көрнекі уағызшы, Христиан шіркеуінің Әкейлерінің бірі.



Аугустиннің айтуынша, Римдегі христиандар Миландағы христиандардан өзгеше күндері ауыз бекітеді. Амбросийдің айтуынша, Римде жүргенде ол римдіктердің істейтінін қайталайды. Көп жағдайда жергілікті әдет-ғұрыптармен келісу қисынды көрінеді. Ауыз бекітуге лайықты күн туралы сұрақ – екінші кезекті мәселе, ал осындай аса маңызды емес ұсақ-түйектермен «келісу» айтарлықтай қиын емес. Алайда, біз құлдық, әйелдерді сүндеттеу, балаларды құрбандыққа шалу немесе каннибализм сияқты жергілікті дәстүрлермен келісуіміз керек пе? Бұған не дер едіңіз?

Түрлі мәдениеттердің құндылықтары да әртүрлі. Дегенмен осы мәдениеттердің кейбірі белгілі бір құндылықтарға келгенде қателесуі де әбден мүмкін. Осыған дейін қарастырған «факт және құндылық» айырмашылығын еске түсіріңіз. Әлемнің бір фактісі болатын нәрсе міндетті түрде жақсы болуы тиіс емес. Осы тұрғыда айта кетейік, дескриптивті релятивизм де әлемнің фактісі. Бәлкім, біз өзіміздің мәдени өзгешеліктерімізден бас тартуға ұмтылуымыз қажет шығар? Әрі мәдениеттер мен жеке тұлғалар өздерінің моральдық ой-пікірлеріне келгенде айырмашылықтары барына қарамастан, кейбір мәдениеттер немесе оларды ұстанатын жеке тұлғалар қателесетін болар? Біздің айтпағымыз, мысалы, құлдықты пайдаланатын мәдениеттер қателікке бой алдырады. Біздің бәріміз тарих беттерінен 1860-шы жылдарға дейін Құрама Штаттары да осылай жасағанын білеміз. Мәдениеттер құндылықтарға қатысты пікірлерге келгенде бір-бірінен өзгеше болатыны оларды моральдық сыннан оқшаулау тиіс деген сөз емес. Бірақ мәдениет қателеседі деп айту үшін бізге құндылықтарға қатысты осы мәдениетті сынға алуға жол беретін объективті немесе релятивистік емес көзқарас қажет.

Релятивизмнің біршама дәлелді нұсқасы қарапайым дескриптивті релятивизмнің аясынан шығып, осындай айып тағуға мүмкіндік беретін объективті немесе абсолютті құндылықтар мүлде жоқ деп сендіреді. Релятивизмнің бұл нұсқасын біз **метаэтикалық релятивизм** деп атаймыз. Метаэтикалық релятивизм ешқандай универсал немесе объективті нормалар жоқ немесе адамдар мұндай объективті құндылықтарды біле алмайды деп тұжырымдайды. Бұл көзқарасқа сай, құндылықтар дегеніміз – жекелей адамдар мен мәдениеттердің сенімдері, ой-пікірлері, практикалары немесе сезімдері ғана. Құндылықтар жеке тұлғалар немесе қоғамдарға байланысты «салыстырмалы» дей отырып, біз олар осы жеке тұлғалар немесе қоғамдар шынымен сенетін нәрселердің функциясы немесе соларға деген тәуелділік дегенді білдіреміз. Метаэтикалық релятивизмге сай, объективті түрде дұрыс немесе бұрыс нәрсе жоқ. Объективті түрде дұрыс немесе бұрыс нәрсе бар деген қарама-қайшы көзқарас **объективизм**, не болмаса, кейде нонрелятивизм деп аталады.

Этиканы ғылыммен салыстырсақ, біз этикалық релятивизм туралы көбірек түсінетін боламыз. Адамдардың көбісі жаратылыстану ғылымдары, мысалы, биология, химия, физика, геология және олардың



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикалық релятивизм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

қазіргі нұсқалары бізге табиғат әлемі туралы баяндайды деп ойлайды. Бірнеше ғасырлар барысында, әсіресе, біздің заманда, ғылым табиғат пен біздің әлем құрылысын ашуда үлкен ілгерілеуге қолжеткізді. Оның үстіне, байқауымызша, ғылым универсал құндылыққа ие. Адамның жеке-дара темпераменті, шығу тегі немесе мәдениетіне қарамастан, табиғат әлемін шынайы және барынша ашық зерттегісі келетіндерге ол бәріне бірдей қолжетімді болып көрінеді. Қазіргі ғылым жалпыға ортақ әдіспен басқарылады деп саналады және бірте-бірте дамып келе жатқан білімдердің ортақ бір ауқымын өндіріп келеді. Бұл ғылымға деген танымал көзқарас болғанымен, философтардың пікірінше, ғылымға қатысты жағдай әлдеқайда күрделі және қиындыққа толы. Табиғи әлем теориясына қатысты да релятивизмнің туындауы әбден мүмкін. Мысалы, батыс биомедицинасы деннің саулығына байланысты сұрақтардың бәріне жауап береді деген пікірмен барлық адамдер келісе бермейді. Біз шығыс медицинасының бұл мәселеде тайталасуға қабілетті екенін білеміз. Әйткенмен, ғылымды физикалық әлем туралы объективті ақиқатты қамтамасыз ету амалы ретінде әдеттегі түсінуді мораль туралы жалпыға ортақ түсініктермен салыстыру пайдалы болмақ.

Ғылымнан ерекшелігі, мораль оншалықты объективті болып көрінбейді. Ортақ келісім тек ненің дұрыс және ненің бұрыс екендігіне байланысты ғана жоқ емес, кей адамдар этикалық пайымдар дегеніміз – келісуге болатын нәрсе деген пікірдің өзіне күмәнмен қарайды. Кейбір адамдар моральды субъективті пікір ретінде қабылдайды. Шын мәнінде, этикалық релятивизмнің қорытындысы мынадай: мораль дегеніміз – моральдық сенімдердің функциясы немесе қызметі ғана. Бұдан басқа ештеңе жоқ. Атап айтсақ, біз ғылымның көмегімен зерттеп, табиғат әлемінен табатыннан тыс объективті моральдық ақиқат немесе шындық сияқты санат мүлде жоқ сияқты. Сіз бұл пікірге не дер едіңіз?

Осыдан әрі біз индивидуализм мен мәдени релятивизм мәселесіне өтеміз.

Индивидуализм және мәдени релятивизм

Этикалық релятивизм табиғатын әрі қарай зерттесек, оның екі негізгі және түрлі формалары барын атап өту қажет. Осы екі форманың жеке немесе **индивидуалды релятивизм** немесе субъективизм деп аталатын біріне сай, этикалық пайымдар мен сенімдер дегеніміз - жеке адамдардың моральдық дүниетанымы мен ұстанымдарының көрінісі. Объективті болудың орнына, мұндай пайымдар субъективті келеді. Менің өзімнің, ал сіздің өзіңіздің этикалық көзқарастарыңыз бар; менікі де, сіздікі де жақсырақ немесе дұрысырақ емес. Мен қандай да бір соғысты әділетсіз санауым мүмкін, ал сіз оның әділетті болғанына сенетін шығарсыз. Ал басқа біреу барлық соғыстардың бәрі дұрыс емес деп ойлауы мүмкін. Релятивизмнің бұл формасына сай, объективті түрде дұрыс немесе бұрыс нәрсе жоқ болғандықтан, қандай да бір нақты соғысты, барлық басқа соғыстар сияқты, әділетті немесе әділетсіз, дұрыс немесе бұрыс деп атауға болмайды. Біздің әрбіріміздің өз көзқарастарымыз немесе ұстанымдарымызға қалай келгенімізді түсіндіретін өз хикаямыз бар. Бірақ мұның бәрі, бар болғаны, біздің көзқарастарымыз бен ұстанымдарымыз ғана. Біз олар дұрыс немесе бұрыс деп айта алмаймыз, себебі олай десек, бұл олардың дұрыстығына өлшем болатын дұрыстылық және бұрыстылықтың белгілі бір объективті стандарты бар дегенді білдірер еді. Ал этикалық релятивизмге сай, мұндай стандарт жоқ. Яғни, дұрыс пен бұрыс үнемі салыстырмалы ұғымдар.

Әлеуметтік немесе мәдени релятивизм деп аталатын этикалық релятивизмнің екінші формасы этикалық құндылықтар әр қоғамда әртүрлі болады, ал моральдық пайымдардың негізі осы әлеуметтік немесе мәдени көзқарастардан бастау алады деп тұжырымдайды. Адам дұрыс шешім қабылдап, дұрыс нәрсені жасауы үшін ол қоғамның нормаларын басшылыққа алуы керек. Қоғам аясында адамдар, шынымен де, өздерінің көзқарастарын дұрыс моральдық көзқарас деп сенуі мүмкін. Әйткенмен, мәдени релятивист бірде бір қоғам трансмәдени мағынада басқа қоғамнан жақсырақ болуы мүмкін емес деген пікірді ұстанады. Олардың кейбірі басқаларынан өзгеше болуы мүмкін, ал кейбірі басқа қоғамдардың кең қатарында жалпыға ортақ болатын көзқарастарды қабылдамайтын шығар, бірақ бұл көзқарастар олардың кез-келген объективті мағынада кемшін, қалыс қалған немесе бұрыс екендігіне дәлел бола алмайды.


Түрлі мәдениеттер немесе қоғамдар моральдық тұрғыда дұрыс және бұрыс нәрселерге қатысты алуан түрлі көзқарасты ұстанатыны анық екеніне қарамастан, этикалық релятивизм мұнымен шектелмейді. Этикалық релятивизмнің біршама қуатты нұсқаларына сай, адам үшін моральдық тұрғыда дұрыс нәрсе оның өмір сүріп ортасы немесе қоғамы нені дұрыс санайтынына тәуелді. Тіпті идеал көзқарастың өзінде ешқандай трансмәдениетті моральдық принциптер жоқ. Көбіне релятивизмнің өкілі саналатын авторлардың бірі – танымал философ Фридрих Ницше.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикалық релятивизм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева



Фридрих Вильгельм Ницше (1844-1900 жж.) – неміс ойшылы, классикалық филолог, композитор, ақын, бірегей философиялық ілімнің авторы.

Ницшенің айтуынша, жақсылық пен зұлымдық сияқты сөздерді адамдар өздерінің жеке дүниетанымдарына арқа сүйей отырып, түсіндіреді. Расымен де, Ницше жиі перспективизмнің, яғни тек әлемге қатысты перспективалар немесе көзқарастар ғана бар, ал осы перспективалардан өзге ештеңе жоқ деген идеяның жақтасы ретінде қарастырылады. Сонымен бірге Ницше моральдық пайымдар билік қарым-қатынастары мен негізгі инстинкт аясындағы мұқтаждықтарды айқындайды деп санайды. Мысалы, қолында билігі бар адамдар өздерін «жақсымыз» деп атайды, себебі инстинктілі түрде өздерін әлсіздерге қарағанда жоғары санайды. Ницшенің түсіндіруінше, біз «әлемді өз мұқтаждықтарымыз, өз түрткілеріміз бен оларды «қолдайтын» және «оларға қарсы» уәждер арқылы түсіндіреміз. Әрбір түрткі – билікті қалаудың бір түрі, әрбір адамның барлық басқа қалауларды норма ретінде қабылдауға мәжбүрлегісі келетін өзінің көзқарасы бар». Ницше үшін осындай көзқарастар, инстинкттер немесе қалаулардың астарында «билікке деген еріктен» басқа ешқандай ақиқат, ешқандай өзге түсініктеме жоқ. Релятивизмнің мұндай қуатты нұсқасы мәдени айырмашылықтарға қарап пікір айтуды немесе сынауды айтарлықтай күрделі етеді.

Релятивизмнің біршама әлсіздеу нұсқасы ортақ болып табылатын кейбір абстрактілі және түпнегізгі нормалар немесе құндылықтар бар дейді, бірақ бұл абстрактілі құндылықтар түрлі мәдениеттерде әртүрлі көрініс табады. Мысалы, осылайша, түрлі мәдениеттер «өмірді бағалау керек» деген идеямен келісуі мүмкін, бірақ олар «өмір» деп не саналатыны және «өмірді бағалау» деп не саналатыны турасындағы пікірлері бойынша өзара өзгешеленеді. Егер адамның да, жануарлардың да өмірі құнды саналса, онда адам өміріне қолдау болу үшін бірде бір жануар өмірін құрбандыққа әкелмеу керек болатын шығар. Немесе жораға сай құрбандық шалудың қандай да бір формасын өмірді бағалаудың бір амалы ретінде ақтауға болатын шығар. Тағысын тағы.

Осындай «әлсіз релятивизмнің» немесе «жұмсақ релятивизмнің» бір нұсқасы ретінде қазіргі заманның танымал ғалымдары экономист Амартия Сен мен философ Марта Нуссбаумның жасақтап шыққан этика мен адам әл-ауқатына қатысты «мүмкіндіктер ұстанымын» атауға болады.

Амартия Қумар Сен (з қараша 1933ж.) – адамзатты дамыту және адамның даму индексі туралы жыл сайынғы БҰҰ есептерінің тұжырымдамалық құрылымдарын қалыптастыруға ерекше үлес қосқан үнді экономисті, 1998 жылғы экономика бойынша Нобель сыйлығының иегері.



Нуссбаумның айтуынша, өмір, деннің саулығы, он екі мүшенің бүтіндігі және т.б. сияқты адамның өсіп-өнуінің немесе адамның әл-ауқатының нақты бір басты өлшемдері бар. Бірақ ол осы басты қабілеттердің «көп реттік іске асуының» мүмкіндігін ескереді. Нуссбаумның түсіндіруінше, «осы қабілеттердің әрқайсысы жеке дара талғамдарға, жергілікті жағдайларға және дәстүрлерге сай түрлі амалдармен нақты түрде іске асырылуы мүмкін». Нуссбаумның ұстанымы өзіндік бір плюрализмге жетелейді.

Марта Крэйвен Нуссбаум – 6 мамыр 1947 ж.) – америкалық философ, антикалық философия бойынша маман, Чикаго университетінің құқық және этика профессоры, Америкалық философиялық қоғамдастықтың мүшесі, Британ академиясының мүше-корреспонденті.



Нуссбаум былай дейді: «әралуандықтың, плюрализмнің және жеке еркіндіктің заңды немесе ақылға



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикалық релятивизм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

қонымды мәселелері универсал нормаларды мойындаумен үндеспейді; шындығында, егер әрбір адамды агент және мақсат ретінде қарастыра отырып, әралуандық, плюрализм және еркіндікті қорғағымыз келсе, бізге универсал нормалар расымен де қажет». Алайда сыншылар адамның өсіп-өркендеуі және этикалық өмірі үшін маңызды құндылықтардың нақты бір түрлері туралы универсал келісімге келмейінше, біз бәрібір релятивизмнің бір түрін ұстана беретін боламыз деп сендіреді.

Этикалық релятивизмді қолдайтын себептер

Осы тұрғыда этикалық релятивизмді қолдайтын себептерді атап кетсек. Этикалық релятивизмді шынайы деп қабылдаудың себептері көп. Алдымен біз ең жиі келтірілетін үш себепті атайық.

Моральдық көзқарастардың әралуандығы

Біріншісі - Моральдық көзқарастардың әралуандығы.

Релятивизмді растау үшін ең жиі келтірілетін себептердің бірі – адамдар мен мәдениеттер арасындағы моральдық әралуандықтың болуы. Ғылым мен тарих сияқты салалардағы зерттеулер, әдетте, ғалымдар арасындағы пікірлердің әралуандығына қарамастан, ортақ бір келісімге жеткізеді. Бірақ этикада біз осы күнге дейін мұндай келісімге келе алмадық. Философтар моральдың негіздері туралы сұрақтарды ежелгі замандардан бері зерттеп келеді. Бұл тақырыпты мыңдаған жылдардан бері зерттеп келе жатқан шыншыл және дарынды ойшылдарға қарап, мұндай келісімге келетін уақыт болды ғой деп ойлауға болар еді. Бірақ, біз қателесетін сияқтымыз. Шыншыл адамдар түсік жасату сияқты нақты сұрақтар бойынша ғана емес, негізгі моральдық құндылықтар немесе принциптерге қатысты пікірлер бойынша да түрлі көзқарастарды ұстанады. Бұл – бірінші себеп.

Толеранттық және әртүрлі көзқарастарға ашықтық

Екіншісі - Толеранттық пен ашықтық немесе түрлі көзқарастарды қабыл алуға ашық болу. Мұндағы түрлі көзқарастарды қабыл алуға ашық болу ұғымын сіздер түрлі ағылшын тілді деректерден «open-minded» деген сипатта кездестіріп жүрген боларсыздар.

Әралуандық фактісіне толерантты және басқа көзқарастарды қабылдауға ашық болуға ұмтылу байланысты. Көбіне адамдар релятивизмге басқаларды айыптаудан және мінеп-кінәраттаудан тартынуға, өздерін ұстауға ұмтылу мақсатымен қолдау білдіреді. Этноцентризм және ой-пікір білдірудегі жаңсақ пікірге ұрынуға байланысты түрлі проблемалардың бар екендігін білгендіктен, біз релятивизмге қолдау білдіру арқылы осы проблемалардың алдын алуға талпынып көрсек болады. Бұл көзқарас тұрғысынан қарағандағы ой мынадай: түрлі құндылықтарды бағалайтын мәдениеттердің алуан түрі бар болғандықтан, біз қай мәдениеттің дұрыс және бұрыс екенін шеше алмаймыз. Оның үстіне, релятивизмді қорғаушы осындай сын айтуға талпынатындар этноцентрлік, тұйық және толерантты емес деп санауы мүмкін.

Моральдық тұрлаусыздық

Үшінші себеп - Моральдық тұрлаусыздық.

Релятивизмді дұрыс деп санаудың тағы бір себебі – біз моральдық тұрғыда дұрыс нәрселерді түсінуде үлкен қиындықтарға жиі тап болып жатамыз. Біз моральдық жағынан ненің маңыздырақ екенін білмейміз. Мысалы, біз екеуі де қолымыздан келіп тұрса, досымызға көмектесу керек пе немесе шыншыл болу керек пе - қайсысының дұрыс екенін білмей жатамыз. Бәлкім, бір жағдайда досыңа көмектескен, ал басқа бір жағдайда, шындықтың жағына шыққан жөн шығар. Әрбір нақты жағдайда біз қай таңдаудың дұрыс екенін білмей жатамыз. Оған қоса, біз бірінің орнына басқа бір бағытты таңдағанда, әрі қарай не болатынын нақты біле алмаймыз. Осылайша, біз өзіміздің ой-пікірімізге сенбейміз. Сондықтан біз олардың бәрін жалпылама бір жүйеге келтіріп, барлық моральдық пайымдар тек жеке дара және субъективті көзқарастар ғана деген қорытындыға келеміз.

Ситуациялық айырмашылықтар

Осы жерде, орайы келіп тұрғандықтан, біз тағы бір себеп - ситуациялық айырмашылықтарды атап өтсек.

Сайып келгенде, адамдар мен ситуациялар, мәдениеттер мен замандар бір-бірінен айтарлықтай айрықшалаанады. Ситуациялар мен түрлі адамдардың өмір сүру әлемдерінің бір-бірінен өзгешеленуі



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Этикалық релятивизм

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

сонша, біреу үшін дұрыс болған нәрсе, басқа үшін де дұрыс болады деп сенудің өзі қиын. Кей жерлерде халық санының тым көбейіп кетіп немесе құрғақшылық проблемасы ушығып тұрса, басқа жерлерде халық саны тым аз немесе су тым көп. Кей жерлерде адамдар өмірге ең қажетті нәрселерге зәру болып жатса, басқа жерлерде азық-түлік жетіп-артылады, ал өмір деңгейі өте жоғары. Кей адамдардың дені сау болса, басқалары ауыр сырқаттан азап шегуде. Біреулер өте көпшіл, ашық-жарқын болса, басқалары біршама ұстамды, оқшау өмір сүргенді жөн санайды. Осыншама алуан жағдайлар мен осыншалық әртүрлі адамдар үшін бірдей нәрселер әрдайым дұрыс немесе бұрыс болуы мүмкін бе? Осылайша, қандай да бір моральдық теорияның немесе ой-пікірдің ортақ немесе универсал мәнерде қолданылуы күмәнді болып көрінеді. Демек, біз олар нақты бір ситуацияға немесе жағдайларға байланысты салыстырмалы болуы тиіс және ешқандай да объективті немесе жалпыға ортақ моральдық ізгілік жоқ деген қорытындыға келеміз.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Ruth Benedict, "Anthropology and the Abnormal," *Journal of General Psychology* 10 (1934).
2. Friedrich Nietzsche, *Will to Power* (New York: Random House, 1968) no. 481.
3. Martha C. Nussbaum, *Women and Human Development* (Cambridge: Cambridge University Press, 2001).
4. Richard Rorty, "Pragmatism, Relativism, and Irrationalism," *Proceedings and Addresses of the American Philosophical Association* 53, no. 6 (1980).
5. G. E. Moore, *Principia Ethica* (Cambridge: Cambridge University Press, 1903).
6. Bruce W. Brower, "Dispositional Ethical Realism," *Ethics* 103, no. 2 (January 1993).
7. John Lachs, "Relativism and Its Benefits" *Soundings* 56:3 (Fall 1973).
8. W. D. Ross, *The Right and the Good* (Oxford: Oxford University Press, 1930), Chapter 1.
9. Ernest Hemingway, *Death in the Afternoon* (New York: Scribner's, 1932).
10. *Patterns of Culture* (New American Library, 1934).
11. Melville Herskovits, *Cultural Relativism* (New York: Random House, 1972).

Глоссарий

Релятивизм – құндылықтардың объективтігін теріске шығаратын пайымдар жиынтығы, оған: дескриптивті релятивизм, жекетұлғалық релятивизм (немесе субъективизм), метаэтикалық релятивизм және әлеуметтік немесе мәдени релятивизм кіреді.

Нормативті этика – іс-әрекеттеріміздің дұрыс-бұрыстығын тағайындайтын ережелер туралы ілім.